

Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1115 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 тамыздағы № 848 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.08.31 № 848 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесі бекітілсін.

2. "Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 60 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 2, 31-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 23 қарашадағы
N 1115 қаулысымен
бекітілген

Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді және оны өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды. K090193, V095906

2. Денсаулық сақтау саласындағы аттестаттау - денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен

басшылары орынбасарларының, сондай-ақ облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының (бұдан әрі - аттестатталушы тұлғалар) кәсіби құзыретінің деңгейін айқындайтын, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын рәсім.

3. Медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік орган (бұдан әрі - мемлекеттік орган) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, республикалық денсаулық сақтау ұйымдары және олардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының, сондай-ақ республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары орынбасарларының кәсіби құзыретін аттестаттауды жүргізеді.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі - денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органы) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіби құзыретін аттестаттауды жүргізеді.

4. Аттестаттауды объективті және құзыретті жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік орган және денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органы аттестаттау комиссияларын құрады.

5. Аттестатталушы тұлғалар әрбір келесі үш жыл өткен сайын, бірақ тиісті лауазымға орналасқан күнінен бастап бір жылдан ерте емес мерзімде аттестаттаудан өтеді.

2. Аттестаттауды өткізуге дайындықты ұйымдастыру

6. Аттестаттауды өткізуге дайындық мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) аттестатталушы тұлғаларға қажетті құжаттарды дайындау;

2) аттестаттауды өткізу кестелерін әзірлеу және бекіту;

3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;

4) аттестаттауды өткізу мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру ;

5) аттестаттауды өткізу басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей аттестатталушы тұлғаларды оны өткізу мерзімі туралы жазбаша хабардар ету;

6) аттестатталушы тұлғалардың құжаттарын қабылдауды және олардың аттестаттау кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне талдауды жүзеге асыру ;

7) тестілеуден өткен күннен бастап 3 күннен кешіктірмей өткізілген

тестілеудің қорытындылары бойынша аттестатталушы тұлғаларды тестілеу нәтижелерін аттестаттау комиссиясына жолдау (қағаз және электронды тасығыштарда).

7. Мемлекеттік органның басшысы денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының, республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының кадр қызметі ұсынған ақпарат негізінде бұйрық шығарады, онда аттестаттауға жататын тұлғалардың тізімі бекітіледі, аттестаттауды өткізу мерзімі және аттестаттау комиссиясының құрамы, сондай-ақ оның жұмыс кестесі белгіленеді.

Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының басшысы кадр қызметінің ұсынысы бойынша бұйрық шығарады, онда аттестаттауға жататын адамдардың тізімі бекітіледі, аттестаттауды өткізу мерзімі және аттестаттау комиссиясының құрамы, сондай-ақ оның жұмыс істеу кестесі белгіленеді.

8. Денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының кадр қызметтері аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясына әрбір аттестатталушы тұлғаға қатысты мынадай құжаттарды жібереді:

1) денсаулық сақтау органының немесе ұйымының басшысы қол қойған, аттестатталушы тұлғаның қолы қойылған, "таныстым" деген белгі бар қызметтік міннездеме;

2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

3) өмірбаян;

4) білімі туралы дипломның көшірмесі;

5) соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру циклдарынан өткені туралы куәліктердің көшірмелері;

6) ғылыми дәрежесінің, атағының бар екендігі туралы (олар болған кезде) куәліктердің көшірмелері;

7) маман сертификатының көшірмесі;

8) еңбек кітапшасының көшірмесі.

9. Аттестаттау комиссиясының хатшысы осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушы тұлғаға аттестаттау парағын ресімдейді.

3. Аттестаттауды өткізу тәртібі

10. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады: тестілеу және әңгімелесу.

11. Тестілеуден өту кезінде өту мәнінен төмен баға алған аттестатталушы тұлға әңгімелесуге жіберілмейді және аттестатталмады деп танылады.

12. Аттестатталушы тұлғалармен әңгімелесуді аттестаттау комиссиялары жүргізеді.

13. Аттестаттау комиссиясы комиссия мүшелерінен және хатшысынан тұрады. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ішінен төраға тағайындалады. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің саны кемінде жеті адамнан тұруы тиіс.

Мемлекеттік органның аттестаттау комиссиясының құрамына мемлекеттік органның, оның аумақтық бөлімшелерінің, практикалық денсаулық сақтау, медицина ғылымының, үкіметтік емес денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдері кіреді.

Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының аттестаттау комиссиясының құрамына денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының, практикалық денсаулық сақтау, медицина ғылымының, үкіметтік емес денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдері кіреді.

14. Егер аттестаттау комиссиясының отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады.

15. Дауыс беру нәтижелері комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

16. Тестілеуде немесе аттестаттау комиссиясының отырысында дәлелді себептермен болмаған аттестатталушы тұлға жұмысқа шыққаннан кейін аттестаттау комиссиясы белгілеген мерзімде аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептерсіз келмеген аттестатталушы тұлға аттестатталмады деп танылады.

17. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталушы тұлғамен әңгімелесе отырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) қайта аттестаттауға жатады;
- 3) аттестатталмады.

18. Аттестаттау комиссиясының аттестатталмау туралы шешім қабылдауы аттестатталушы тұлғамен еңбек қатынастарын бұзу үшін негіз болып табылады.

19. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс берумен қабылданады.

20. Қайта аттестаттау осы Ережеде айқындалған тәртіппен бастапқы аттестаттау өткен күннен бастап алты айдан кейін өткізіледі.

Тестілеуде өту мәнінен жоғары баға алған, бірақ әңгімелесуден өтпеген аттестатталушы тұлға қайта аттестаттау кезінде тестілеуден өтпей-ақ әңгімелесуге жіберіледі.

Аттестаттау комиссиясы қайта аттестаттау қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталған жоқ.

21. Аттестаттау комиссиясының шешімі отырыс хаттамасымен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшы қол қояды.

22. Аттестатталушы тұлға аттестаттау комиссиясының шешімімен танысуға тиіс.

23. Аттестаттау комиссиясының шешімі аттестаттау өткен күннен бастап аттестаттауды өткізген органның бірінші басшысының бұйрығымен бір ай мерзімде бекітіледі.

24. Аттестаттау комиссиясының бекітілген шешімдері аттестатталушы тұлғалардың аттестаттау парақтарына жазылады.

Аттестаттаудан өткен аттестатталушы тұлғаның аттестаттау парағы және оған берілген қызметтік мінездеме жеке істе сақталады.

4. Аттестаттау комиссиясының шешімдеріне шағымдану

25. Аттестаттауды өткізу (тестілеу, әңгімелесу) кезінде туындаған дауларды мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен апелляциялық комиссия қарайды немесе сот тәртібімен қаралады.

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у с а л а с ы н д а
а т т е с т а т т а у д ы ө т к і з у е р е ж е с і н е
қ о с ы м ш а

Аттестаттау парағы

Аттестатталушы тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты _____

Туған күні _____

Білімі туралы мәліметтер _____

Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы 3 жылдағы) _____

Лауазымы және тағайындалған (осы лауазымға бекітілген) күні _____

Жалпы еңбек стажы _____

Осы лауазымдағы жұмыс стажы _____

Біліктілік санатын беру туралы немесе онсыз маман сертификатының болуы _____

Тестілеу нәтижелері _____ %

Отырысқа аттестаттау комиссиясының _____ мүшелері қатысты

Д а у ы с т а р

с а н ы :

----- "иә" деп дауыс берді
----- "қарсы" деп дауыс берді
----- "дауыс беруден қалыс қалғандар"
Аттестаттау комиссиясының шешімі

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____
Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____
Аттестаттау комиссиясының мүшелері: _____

Аттестаттау өткізілген күн 200 ____ жылғы " ____ " _____
аттестаттау парағымен таныстым _____
(аттестатталушы тұлғаның қолы және күні)

М.О.